

## Ақсөңгір селолық округінің Жайсан ауылындағы көшелерді қайта атау туралы

Алматы облысы Ақсөңгір селолық округі Жамбыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 05 ақпандағы № 02-5 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылды 22 ақпанда № 3739 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және Ақсөңгір селолық округінің Жайсан ауылы халқының пікірін ескере отырып, 2015 жылғы 23 желтоқсандағы Алматы облысының ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Жамбыл ауданы Ақсөңгір селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл ауданы Ақсөңгір селолық округінің Жайсан ауылындағы "Мектеп" көшесі "Алмас Құрманғалиев" көшесіне, "Алатау" көшесі "Жолдас Құрманғалиев" көшесіне қайта аталсын.
2. "Жамбыл ауданы Ақсөңгір селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Смағұл Мөлдір Болатқызына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсөңгір селолық  
округ әкімі

Ә. Ә. Косбасаров